

ISSN 2310-3353



«А. БАЙТҰРСЫНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ ӨңІРЛІК
УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



ҚМПИ ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ
НАУЧНО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№ 3

2022



150
жы
Ахмет
БАЙТҰРСЫНОВ

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтының ЖАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3 2022

ӘОЖ 82.282

Бекбосынова, А.Х.*филология ғылымдарының кандидаты,
тіл және әдебиет теориясы кафедрасының
қауымдастырылған профессоры***Туребаева, А.О.***«БВ01702 – Қазақ тілінде оқытпайтын
мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті»
оқу бағдарламасының 4 курс студенті,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ЗАМАНАУИ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР

Түйін

Мақалада көнекөз қазақ мақал-мәтелдеріне заманауи нұсқасымен салыстырмалы тұрғыда талдау жасалған. Берілген мақала қазақ мақал-мәтелдерінің заманауи нұсқасын зерттеуге арналған.

Кілт сөздер: мақал-мәтел, заманауи мақал-мәтелдер.

1 Кіріспе

Қазақ тілінде ғасырлар бойы қалыптасып, қауым жадында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа рухани мұра болып келе жатқан мыңдаған мақал-мәтелдерді даналыққа балап, және оларды халық бойындағы асыл қасиетке теңеп, «Халық даналығы» деп атап отырмыз. Мақал-мәтелдер басқа мәдени қорлардан тек аз көлемімен, мазмұнының тереңдігімен ғана емес, сонымен бірге бүкіл халық үшін ортақтығымен, ерекше тартымдылығы және ұтымдылығымен ерекшеленеді. Сондықтан, әр адам күнделікті өмірдің қажетті жағдайларында, қандай мақал болса да, оны өзінің қаруы ретінде қолданады. Орнын тауып жұмсаған сайын «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп ерекше бір ләззат алады. Қазақтың мақал-мәтелдеріне үңіле қарасаңыз, тарихты, адамзат қоғамының барлық саласын қамтитынын көресіз. Әрбір асыл сөз халықтың жүрегінен, еңбек пен күресте туғандығын тағы бір мәрте ұғынасыз [2,3].

Қанапина С.Ғ. мақал-мәтелдер туралы былай дейді: «Мақал-мәтелдер халықтың рухани өмірімен, өткен тарихымен тығыз байланысты және мақал-мәтелсіз тілдегі ұлттық нақышты, дүниенің тілдік бейнесінің ұлттық ерекшелігін толық сипаттау мүмкін емес. Өйткені мақал-мәтелдер табиғаты салт-дәстүрге, дүниетанымға, болмыстағы заттар мен құбылыстарды танып білуге ыңғайлы объект болып саналады» [1,4].

Мақал-мәтелдерді оқу, олардың мағынасы мен құрылымдық жағын ұғыну қазақ тілі грамматикасының қыр-сырын меңгеруге, жаңа сөздерді есте сақтауға көмектесіп, сөздік қорды мәнерлі де жарқын етеді. Мақал-мәтелдердің көмегімен адамзат өздерінің өмірлік тәжірибелері мен даналығын келесі ұрпаққа жеткізіп отырған. Кейде сөздің ұлылығын, қандай ерекше мәнге ие екенін түсіну үшін мақал-мәтелдерді тыңдау немесе оқудың өзі жеткілікті. Терең мазмұнының арқасында қазақ мақал-мәтелдері бүгінгі күні өзектілігін жоймауда. Уақыт өте келе талай нәрсе өзгеріске ұшырап, ХХІ ғасырда технологиялар тез дамып, жаңа мамандықтар пайда болады, интернет біздің өмірімізде үлкен рөл атқара бастайды, көненің көзі болып жүрген ақпараттар жаңарып, өткеннің мызғымас бөлігі болып қала береді. Кейбір мақал-мәтелдер ресми жинақтар мен сөздіктерде басылмай немесе уақыт өте келе ұмыт қалып, қолданыстан шығып жатқаны мәлім. Алайда, ел аузынан тысқары қалмай, күнделікті сөйлеуде жиі қолданылып жатқан ежелгі мақал-мәтелдердің нұсқалары

заман ағымына сай бүгінде жаңа реңкпен қолданысқа түсіп жатыр. Мәселен, күні бүгінде ерте кезеңдегі ел аузынан жинақталып, жазылған мақал-мәтелдер негізінде жасалған, бірақ қазіргі күннің шындығына айналдырылған заманауи мақал-мәтелдер ХХІ ғасырдың бейнесін көрсетеді. Мысалы, қазіргі кезде ақпараттық қоғамның дамуы мен ХХІ ғасыр дертіне айналған пандемия салдарынан туындаған заманауи мақал-мәтелдерден үлгі келтісек:

Мақал-мәтелдердің түп нұсқасы	Заманауи (жаңартылған) мақал-мәтелдер нұсқасы
Еңбек етсең ерінбей, Тояды қарның тіленбей	1. Еговқа кірсең ерінбей, 42500 аласың тіленбей; 2. Блогер болсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей.
Өнер алды – қызыл тіл	Өнер алды – маска тігу
Сұлу сұлу емес, сүйген сұлу	Сұлу сұлу емес, маска киген сұлу
Жігітке жеті өнерде аз	Жігітке жеті маска да аз
Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің	Даланың қадірін карантинде білесің
Досы көпті жау алмайды, Ақылы көпті дау алмайды	1. Маскасы көпті вирус алмайды 2. Маскасы жоқты такси алмайды
Ет етке сорпа бетке	Ет етке, маска бетке
Тоқ бала аш баламен ойнамайды, Тоқ кісі аш қалам деп ойламайды.	Маскасы жоқ бала, Маскасы бар баламен ойнамайды
Жүз теңге болғанша, жүз досың болсын	Жүз досың болғанша, 100 ГБ болсын
Соңғы түйенің жүгі ауыр	Соңғы стористің жүгі ауыр
Бірлік болмай – тірлік болмас	Телефонда бірлік болмай, тірлік болмас.
Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады	Жинағаның бес лайк, ысқырығың жер жарады.
Молданың айтқанын істе, істегенін істеме	Блогердің айтқанын істе, істегенің істеме
Өлетін бала молаға қарай жүгіреді	Өлетін бала колаға жүгіреді
Отыз тістен шыққан сөз отыз ру елге кетер	Отыз тістен шыққан сөз, отыз түрлі чатқа тарайды
Аузы қисық болса да, байдың баласы сөйлесін	Аузы қисық болса да подписчигі көп сөйлесін
Ит адамның досы	Розетка адамның досы
Атың шықпаса, жер өрте	Атың шықпаса қалаулымға бар
Отыз күн ойын, қырық күн тойын жасады	30 күн онлайн, 40 күн карантин
Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, Төртеу түгел болса, төбедегі келеді	Ағайын үйде болса, коронавирус кетеді
Ақшаң болса қалтаңда, талтаңдасаң талтаңда	Маска болса қалтаңда Талтаңдасаң талтаңда
Қызға қырық үйден тыйым	Маскасы жоқты 40 үйден тый
Ел боламын десең, бесігіңді түзе	1. Ел боламын десең, маскаңды түзе 2. Блогер боламын десең хэштегіңді түзе
Қыз – елдің көркі, гүл – жердің көркі	Қыз өссе – елдің көркі, Гүл өссе – әкімшіліктің көркі.
Ақкуды атпа, досыңды сатпа	Ақкуды атпа, сотталасың.
Ит жоқта шошқа үреді қораға, Би жоқта құл жүреді жораға	Ит жоқта иесі үреді.
Қыздың қырық шырағы бар	Қыздың қырық сайты бар.
Алыстан арбалағанша, жақыннан дорбала	Алыстан арбалағанша, Камазбен бір рейс жаса.
Асықпаған арбамен қоянға жетеді	Асықпаған арбамен, Асыққандар таксимен бара берсін.
Ерте тұрған еркектің ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық	Ерте тұрған еркектің темекісі тез таусылады.

Жаңбырмен жер көгерер, батамен ел көгерер	Жаңбырмен жер көгерер, трафикпен сайт көгерер.
Жалғыздың үні шықпас, Жаяудың шаңы шықпас	Жалғыз админнің шаңы шықпас.
Боранды күні ит пен бала құтырады	Боранды күні қасқыр мен блоггер құтырады.
Жеті рет өлшеп, бір рет кес	Жеті өңдеп, бір жаз.
Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада	Баланың көңілі анада Ананың көңілі Whatsapp-та.
Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол	Горилла ішіп маймыл болғанша, қымыз ішіп айғыр бол

2 Материалдар мен әдістер

Бұл мақаланы жазу барысында ең алдымен жалпы теориялық әдіс қолданылып, салыстырмалы баяндау әдісімен материалдар рет-ретімен жүйеленді. Қазақ халқының сөздік қорында кездесетін мақал-мәтелдерді мазмұн-мәніне қарай жүйелеп, қазақ мақал-мәтелдерінің заман ағымына сай өзгерген, жаңаша реңктегі мақал-мәтелдер тізімі ұсынылды.

3-4 Нәтижелер мен талқылау

Мақал-мәтелдер – халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, әдептілік пен парасаттылықты уағыздаушы құрал. Тілдегі қалыптасқан көне де байырғы мақал-мәтелдердің қай-қайсысы болмасын өзінің даму барысында ұзақ тарихи жолды басып өтіп, екшеленіп-еленіп, бүгінгі ұрпаққа сараланып жеткендігі байқалады. Әрбір мақал-мәтелдің бойынан ұзақ әңгіменің, ой-толғаныстың қорытындысы, тобықтай түйіні, тоқ етері ретінде қысқа айтылатын пікірі, алуан түрлі тақырыбы табылады. Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған, ерте заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырлармен бірге жасасқан, бұл сапарында әртүрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жаңарып отырған. Бүгінгі күні ерте кезеңдегі ел аузынан жинақталып, жазылған мақал-мәтелдерден бастау алып, бірақ заманауи реңкте қолданыс тауып жүрген мақал-мәтелдер ХХІ ғасырдың бейнесін көрсетеді. Нәтижесінде күні бүгінгі қолданыстағы мақал-мәтелдер әлеуметтік желі, пандемия, ақпараттық қоғам тақырыптарын қамтиды. Мақал-мәтелдер, тілдің өзі сияқты, қазіргі өмірдің ерекшеліктеріне оңай бейімделеді. Сондықтан жоғарыда айтылған мақал-мәтелдердің кейбірі қазіргі заманғы халық даналығы болуы мүмкін.

5 Қорытынды

Ашық және айқын мазмұны бар халық даналығын көрсететін қысқа поэтикалық сөздер. Мақал-мәтелдердің қайнар көздері әртүрлі. Олар күнделікті тұрмыс тіршілік пен қоғамдық өмірден пайда болды. Мақал-мәтелдердің негізгі бөлігі, әдетте, ұлттық негізге тығыз байланысты. Мақал-мәтелдерде адамдар адам ұстануы керек моральдық нормаларды бекітеді: еңбекқорлық, өзара көмек, батылдық; адамның жамандықтарын айыптайды: жалқаулық, қорқақтық, сөйлеу қабілеті, өсек, мақтаныш, ашкөздік, екіжүзділік. Мақал-мәтелдердің тәрбиелік мәні зор. Халықтық туындылардың мазмұны, ой тереңдігі көптеген адамдарға тәрбиелік және эстетикалық әсер етеді. Демек, бүгінгі күнге дейін сақталған және толассыз толығып, дамып бізге жеткен мақал-мәтелдердің түп-тамырын көне замандардан алуы – бұл мақал-мәтелдердің өзіне тән құнды ерекшеліктерінің бірі болып саналады.

Әдебиеттер тізімі

1. Қанапина.С.Ғ. «Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық бейнелігі». – Қостанай: ТОО «Центрум», 2010. – 180 б.
2. Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы «Ана тілі», 1993 ж. – 176 б.
3. Нұрғали Рымғали. Жеті томдық шығармалар жинағы. «Қазақтың 10 000 мақал-мәтелі». – Астана, «Фолиант», 2006. – 636 б.

Материалдар редакцияға түсті: 16.06.2022.

**БЕКБОСЫНОВА, А.Х., ТУРЕБАЕВА, А.О.
СОВРЕМЕННЫЕ ПОСЛОВИЦЫ И ПОГОВОРКИ**

В статье дан сравнительный анализ современных казахских пословиц и поговорок. Данная статья посвящена изучению современного варианта казахских пословиц и поговорок.

Ключевые слова: пословицы, современные пословицы.

**BEKBOSSYNNOVA, A.H., TUREBAEVA, A.O.
MODERN PROVERBS AND SAYINGS OF MODERN TIMES**

The article provides a comparative analysis of ancient Kazakh proverbs and sayings with modern ones. This article is devoted to the study of the modern version of Kazakh proverbs and sayings.

Key words: proverbs and sayings, modern proverbs and sayings.

ӘОЖ 8.81

Ысқақова, Ш.Қ.

*Тіл және әдебиет теориясы
кафедрасының аға оқытушысы,
гуманитарлық ғылымдар магистрі,
Ө. Сұлтангазин атындағы
педагогикалық институты,
А.Байтұрсынов атындағы
Қостанай өңірлік университеті,
Қостанай, Қазақстан*

ГОВОРЛАРДАҒЫ КҮРДЕЛІ ЕТІСТІКТЕРДІҢ ЖАСАЛУ ҮЛГІЛЕРІ

Түйін

Мақалада говорлардағы тұрақты түрде қалыптасқан, жасалуында, мағынасында, қолданылуында ерекшелігі бар күрделі етістік тұлғалар, олардың жасалу үлгілері қарастырылған.

Кілт сөздер: говор, күрделі сөздер, атрибутивті байланыс, компле-
тивті байланыс, күрделі етістік, лексема, аналитикалық тұлға.

1 Кіріспе

Түркітануда күрделі сөздер сыңарларының өзара қатынасы қалай болса солай емес, сыңарларының грамматикалық белгілері мен лексикалық құрамының мазмұнына сай талғамдық қағидатқа, үйлесімділікке негізделген. Осыған байланысты күрделі сөз сыңарларының салаластық және сабақтастық қатынастары туралы ұғым қалыптасқан. Салаластық қатынасқа сыңарлары тең дәрежеде байланысатын қос сөздер жатады. Сабақтастық қатынасқа сыңарлары бір-біріне бағынышты біріккен сөздер, тіркесті күрделі сөздер жатқызылып жүр [1, 20-21].

Қазақ говорларында сыңарлары бір-біріне бағынышты сабақтас қатынастағы күрделі сөздер кең тараған. Мұндай қатынастағы күрделі сөздердің сыңарлары бірыңғай сипатта емес. Мәселен, күрделі жыланбас (Түрікм.) «басы жыланның басына ұқсас кесіртке», ешкіқұйрық (Ау., Бөр.) «сәбіз, ешкіемер (Қарақ.) «кесірткенің бір түрі», жылқыауыз (Көкп.) «тістеуік (құрал)», астаубас (Шиелі) «сүйегі ірі, толысқан еркек біртума (түйе)», құстұмсық (Тар., Абай, Шел.) «қайла, жер қазатын құрал», айтұяқ (Қыт.) «жылқы түрі», кемпіршаш (Мер., Шу) «шөлді жерде тарам-тарам боп өсетін өсімдік», кірпіш шай (Омбы) «тақта шай» сөздерінің сыңарлары атрибутивтік қатынаста, себебі бірінші сыңарлары екінші сыңарларының қандай екенін анықтап тұр, яғни, алғашқы анықтауыш сыңарлары екінші анықталушы сыңарларда аталған заттардың (немесе заттанған атаулардың) әртүрлі мағыналық белгі, қасиеттерін білдіреді. Түркітануда күрделі сөз сыңарларының мұндай бір-біріне бағынышты сипаты атрибутивтік қатынас түрінде танылады [1, 112]. Ал орам болу (Қарм.) «бағыну» де-